

Ой-өрісті кеңейтетін еңбек



Жақында қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасы дүниежүзілік классиктердің еңбектерін қазақ тілінде аударып, игеруді көздейді. Бағдарлама көпшіліктің, соның ішінде лауазымды қауымның қызу қолдауын тапты. Нақтылы талқылаудан өтіп, ғылыми-зерттеу орталықтарының 2004 жылдан басталған ресми жоспарларына енгізіліп, Үкімет тарапынан тиісті қаржы бөлініп, мемлекет өміріндегі күрделі рухани бастамаға айналуда. Бұл мақсат ресми белгіленіп отырған шығармаларды жариялаумен ғана шектелмейді. Сонымен бірге, осы талаптарға сәйкес келетін көрнекті ой-пікір иелерінің еңбектерін насихаттау, зерттеу және шығармашылық тұрғыдан қарауды мақсат етеді. Осы саладағы алғашқы қарлығаштардың бірі ретінде жақында «Жеті Жарғы» заң әдебиеттер баспасынан жарық көрген «Саяси және құқықтық ой-пікірлер тарихының інжу-маржандары» атты еңбекті атауға болады. Оны даярлаған белгілі зерттеуші, заң ғылымдарының докторы Сергей Ударцев. Енді осы еңбектің мазмұнына қысқаша шолу жасалық.

Бір пакет ішіне топтастырылып, ықшамды қорапқа салынған бес кітапша дүниежүзілік ой-пікірлер тарландарының бір тобына арналған. Олар: Лао-Цзы (б.з.д. VI-V ғасыр), Никколо Макиавелли (1469-1527), Иммануил Кант (1724-1804), Томас Джефферсон (1743-1826), Шоқан Уәлиханов (1835-1865). Бұлардың әрқайсысы әр елдің әр түрлі дәуірде өмір сүрген уәкілдері. Өздері ғұмыр кешкен заманның тарихын елестететін, дүниежүзілік ойшылдар қатарына жататын тұлғалар. Олардың бөріне тән қасиет: өз тұсындағы, өз еліндегі саяси-мәдени және рухани өзгерістері мен құбылыстарға куә бола отырып, оларды халықтық мүддеге сай шешу қағидаларын ұсынады. Олардың еңбектері талай дәуірдің сынынан өтіп, бүгінгі өміріміздің де көп сұрағына жауап берер, дүниежүзілік маңызы бар рухани қорға айналды.

Қытай ежелгі жазбалы тарихы бар, ерте замандағы мағлұматтарға бай мемлекет. Лао-Цзы жобамен біздің заманымыздан V-VI ғасыр бұрын өмір сүрген. Оны Қытай философиясының негізін қалаушы деп бағалайды. Заманында көпшілік арасында аса беделді еңбектерімен, өсиет сөздерімен ақылшы атанған. Аты аңызға айналған бүгінгі Қытай жерінде ежелгі рухани көсем ретінде бағаланатын Конфуцийдің жерлесі, өрі оқытушысы. Бірінші кездесуден кейін Конфуций оған былай деп жоғары баға берген: «Лао-Цзыны кездестіргенде біресе көзге көрінбей, тұманға айналатын, біресе бұлттардың үстінде қалықтап, «Инь» және «Янь» сияқты сәулелерімен тыныстайтын айдаһарлы аспан көргендей болдым». Кітапшада берілген оның «Дао дэ Цзин» атты ғақлиясын қазақшаға «Жол және артық бір қасиет туралы кітап» деп аударуға болады. Автордың көзқарасы бойынша, әр түрлі қозғалыспен мәңгілік, өзгеру мен даму барлық дүниенің негізін құрайды. Адам баласының өмірін ғарыштың құнды туындысы деп қарап, ғарыш құбылыстарымен байланыстырады. Осы тұрғыдан қаралған «Даоизм» деп аталып кеткен ғақлиясында аспан мен жер барлық жандыға өзінше тіршілік ету мүмкіндігін берумен бірге, олардың құқықтық бастамасын, ел билеу өрісін құрайды деп

тұжырым жасайды.

Пакет ішіндегі бес кітапшаның көлемдісі XV-XVI ғасырда өмір сүрген Италия елінің көрнекті ойшылы және саяси қайраткері Макиавелли Никколоға (1469-1527) арналған. Оның «Патша» деп аталатын, классикалық туындыға айналған еңбегінің нұсқасы жарияланып, оған талдау жасаған. Бұл еңбектің маңыздылығы сонда, оның құрамындағы ой топшылаулар жарық көргеннен бері төрт ғасыр өтсе де саясат, мемлекет, өкімет билігі мен құқық саласына араласқан қайраткерлер басшылыққа алатын құрал саналуда. Макиавеллидің ойынша, мемлекеттің сипаты билікті ұстап отырған адамдарға тығыз байланысты. Мемлекет болған жерде ізгілік пен зұлымдық қатар жүреді. Оларды мүлдем жойып жіберу мүмкін емес. Бірақ, оларды бір тізгінге ұстауға болады, бұл билікте отырған жекелеген адамдардың дәрежесіне, имандылық түсініктер байланысты деп көрсетеді. Макиавелли саясат, мемлекет және имандылық, рақымшылық деген ұғымдардың өзара байланыстарына көп көңіл бөледі.

Үшінші кітап әйгілі неміс философиясы Иммануил Кантқа (1724-1804) арналған. Профессор С.Ударцев Кантты ұлы неміс ойшылы, немістің классикалық философиясының негізін қалаушы, либерализм, құқықтық мемлекет теориялары жөнінде ұрпаққа құнды мұралар қалдырушы деп сипаттайды. Кенигсберг университетінің ректоры, оқытушысы болған кезінде 268 дөріс оқыған. Құқық, мемлекет билігі, саясат, мәңгілік бейбітшілік сияқты өрі күрделі, өрі маңызды ұғымдарды талдауға зор көңіл бөлген. Осылар туралы құнды еңбектер жазған. Канттан кейін өмір сүрген әр түрлі бағыттағы философтар мен лауазымды, білімді саясатшылар оның теорияларын игеруді мақсат етіп қойған.

Төртінші кітап Томас Джефферсонға (1743-1826) арналған. Ол Америка Құрама Штаттарының үшінші Президенті, Американың демократиялық дәстүрінің негізін салушы деп есептеледі. Кітапшада тарихи маңыздылығы өз алдына, сонымен бірге бүгінгі өмірге де өнеге болатын идеяларға толы үш еңбегі берілген. Олар: «Тәуелсіздік декларациясы» (1776), «Бірінші инаугурация

кезіндегі сөзі» (1801), «Екінші инаугурация кезіндегі сөзі» (1805). Джефферсонның негізгі ой-пікірін мына жолдар сипаттайды. «Бізге белгілі айқын шындық деп санайтынымыз: барлық адамдар тең жаратылған және жаратушының үлесімен берілген өмір сүруге, бостандыққа және бақытты болуға ұмтылу құқығы жататын белгілі бір ажыратылмайтын құқық иесі; осы құқықтарын қамтамасыз ету үшін адамдар әділетті билік басқарушылардың келісіміне негізделетін үкімет құрады, егер қандай да бір мемлекеттік құрылыс осы құқықты бұзса, халық оны өзгертуге немесе оны таратып, жаңа құрылысты орнатуға құқылы» делінген.

Бесінші кітапша Шоқан Уәлихановтың (1835-1865) «Сот реформасы жайында жазба» деп аталатын өшпес маңызы бар, өрі көлемді еңбегі төңірегінде құрылған. Бұл еңбек қазақ сахарасында қалыптасқан басқару жүйесін өзгертіп, Ресей патшасының мүддесіне сай жаңадан ел билеу тәртібін орнату көзделген реформаларды енгізу кезінде 1864 жылы жазылып, Омбы қаласында орналасқан Ресей патшасының өлке губернаторларына тапсырылған. Бұл жазбаның дайындалу себебін, оның маңызын Шоқан Уәлиханов былай көрсетеді: «Отаным үшін осындай маңызды өзгерістер жасалып жатуына байланысты өзімнің кейбір ойларымды сот, өкімшілік реформасымен халықты ағарту ісіне байланысты жазбаларымды қазақ халқының жоғарғы бастығы ретінде жоғары мәртебелі Сіздің құзырыңызға ұсынуды өзімнің міндетім деп білемін». Профессор С.Ударцев кең көлемді кітапшаға арналған алғысөзінде «Уәлиханов — ойшыл-реалист және гуманист ретінде ұлттың ерекшелігін есепке алуы және Қазақстанның ғана емес, қазақ халқының басқарудың өзіндік нысанын сақтауын жақтады» деп көрсетеді.

Бес кітапшадан тұратын бұл еңбек саяси, мемлекеттік және құқықтық ой-пікір мәселелеріне ынта қоятын көпшілік оқырмандарға, солардың ішінде құқықтық-гуманитарлық білім алуға ұмтылған студенттерге, аспиранттарға және оқытушыларға арналған.

Салық ЗИМАНОВ,
академик, заң ғылымдарының докторы